КОШ КЕЛДІҢ, ТАУЫҚ ЖЫЛЫ!

WWW.AZRETSULTAN.KZ FACEBOOK.COM/AZRETSULTAN.KZ

ЯСАУИ МҰРАСЫ

Республикалық мәдени-танымдық газеті. 2016 жылғы 14 қазаннан шыға бастады. №1 (3) қаңтар 2017 жыл

Бес институционалды реформа және мәңгілік ел

Ғани ИСКАКОВ,
тарих ғылымының кандидаты

Бес институттық реформа Қазақстанды дамытудың жаңа кезеңі іспеттес, тұрақты және бірқалыпты дамудың шешуші факторы ұлттық бірлік пен қоғамдық келісім болады. Бұл құндылықтар «Мәңгілік ел» жалпыхалықтық идеясында көрініс тапқан. Елбасының «Нұрлы Жол» – болашаққа бастар жол» атты 2015 жылға арналған Қазақстан халқына Жолдауында: «Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді», – деп қадап айтты.

Ұлттық идея мәселесі барлық посткеңестік мемлекеттер үшін маңызды болып отыр. Бүгінде қоғамымызда «мемлекетіміздің болашақ даму бағытына қатысты ұлттық идея мен мемлекеттік идеология қандай болуы тиіс?» деген сындарлы пікірталастың жүріп жатқандығын айқын аңғаруға болады. Бұл туралы Елбасы өзінің «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік ел» идеясы», – деген еді.

Елім дейтін, жерім дейтін, елінің ой-арманын астастырып үлгерген әрбір қазақстандық үшін Президент Н.Ә.Назарбаевтың бұл сөзі ең алдымен ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманын-әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану арманын, тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу арманын ақиқатқа айналдырғанымызды атап айтумен, болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсатқа жетелейтін идеяны – Мәңгілік Ел идеясын, «Қазақ елінің Ұлттық Идеясы» деп, жариялауымен айрықша бағалы.

Әдетте, «идея» (грек. idea – түсінік, елес, бейне) – теориялық жүйенің, логикалық құрылымның, соның ішінде, дүниетанымның негізінде жатқан анықтаушы түсінік мағынасында қолданылатын философиялық термин. XVIII ғасырдағы неміс классикалық философиясының негізін салушылардың бірі – И.Канттың тілімен айтсақ: «Адам білімінің қайсыбірі болсын, түйсіктен басталып, түсінікке ұласып, идеямен аяқталады». Осы бір қарапайым сөз тіркестері «идея» түсінігінің мәнін және қалыптасу жолдарын қысқаша түрде нақты бере алады.

Жалпы, «Мәңгілік Ел» идеясының үш негізден немесе үш тұғырдан тұрғаны анық. Біріншісі – Түркі қағанаты билеушілерінің (Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк ескерткіштерінде) саяси акт – «манифест» ретінде әзірлеп, тарих сахнасына шығаруы; екіншісі – әл-Фарабидің философиялық шығармасында идеяның теориялық-философиялық тұрғыдан негіздеуі және үшінші – Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дидактикалық дастанында құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаларының, яғни, Ата Заң іргетасының қалануы.

Елбасы Н.Назарбаевтың түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығы мен интеграциялық үдерістерін нығайту жолында көптеген идеялық және практикалық іс-шаралардың ұйытқысы болып, бірталай маңызды істерді жүзеге асырғаны мәлім. Ал, «Мәңгілік Ел» идеясы барлық түркілердің бір тарихи кезең – VII ғасырда, бір шаңырақ астында тұрғанда қабылданған және жарияланған идея болатын. Ендеше, тарих теперішінен өткен бұл идея бүкіл Түркі дүниесі үшін ортақ және осы идея төңірегіне бірігу қазіргі жаһандану заманындағы түркітектес халықтардың мұраты болары анық.

Жоғарыда аталғандай, «Мәңгілік Ел» идеясы ежелгі түркілердің өз заманында туған үш тұғырдан, яғни, үш негізден тұрады. Бұл үш негіз бір-бірімен тығыз байланысты, бір заманның жемісі және өзіне дейінгі бабалар мұратымен жалғаса отырып, кейінгі ұрпақтарының құрған мемлекетшілдік идеяларымен сабақтасады. Бұлардың бәрінің бастауында орта ғасыр дәуіріндегі түркілердің өркениеті тұр.

Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі саяси тұжырымдары, Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» және тағы басқа әйгілі туындыларының ой-идеялары, «Құтты білік» дастанындағы аналогиялық толғам, философиялық түйіндер, саяси-әлеуметтік болжамдар – бір мәдениеттің, бір өркениеттің, заман мен әлеуметтік жағдай ғана емес, біртектес ел-жұрт тіршілігі тұтастырған бір дүниетанымның жемістері. Тарихи кезең мен мемлекетшілдік сипаттарын білдіретін ұғымдар Күлтегін жырларында да, әл-Фарабидің философиялық шығармаларында да және Жүсіп Баласағұн дастанында да бірдей кездесіп отырады.

Белгілі бір идеяның мемлекеттік сипат алып, қоғам мүшелерінің көңілінен шығуы үшін негізгі екі талапқа жауап беруі тиіс. Біріншіден, ол сол мемлекетте өмір сүріп отырған халықтың мақсат-мүддесімен, болмысымен толық сәйкес келгені жөн. Бұл туралы Монтьеске: «Заңдар үкіметтің табиғаты мен принциптеріне, басқару формасына, елдің географиялық факторы мен физикалық қасиеттеріне, жағдайы мен көлеміне, климатына, топырақ сапасына, халықтың тұрмыс-тіршілігіне, санына, байлығы мен қабілетіне, әдет-ғұрпына сәйкес болу керек»,– дейді. Екіншіден, идеологияның мемлекеттік сипат алуына қажетті тағы бір қасиет оның сол мемлекет тарихымен сабақтас болып, ұзақ мерзімдер бойы сол қоғамда үйреншікті, жетекші идеологиялық деңгейде болу тиістігін айтады. Осы негізгі екі белгі де, бірінші бөлімде дәлелденгендей, түркілердің ұлы қағанатын құрғанда бар еді.

Алғаш рет «Мәңгі ел» идеясы Шығыс Түрік қағанаты әскерінің бас қолбасшысы Күлтегінге арнап қойылған бітіктаста түркі еліне жария етілген. Күлтегін ескерткішіндегі жазудың сол жақ бетінде: «Өтікен жынысында отырсаң мәңгі ел тұтып отырар ең», – деп айтылған. Тура осы сөздер Білге қаған ескерткішінің оң жақ бетінде қайталанған. «Мәңгі» сөзі айтылмаса да, оның мағынасы Тоныкөк ескерткішінің екінші ұстынының сол жақ бетінде «ел» сөзінің бір сөйлемде екі рет қайталануы арқылы берілген: «ел де ел болды».

Бүгінгідей аласапыран заманда қоғамда саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімді сақтау саясаты мейлінше маңызды. Бұл жолда Қазақстанның қалыптасқан өзіндік үлгісі де баршылық. Бірқатар ұлт өкілдері Қазақстанның ортақ шаңырағы астында бас қосып, бүкіл әлем үшін ынтымақ пен берекенің үлгісіне айналды. Қазақстан – бейбіт-шіліктің ордасы ретінде әлемге кеңінен таныла бастады. Міне, осыны одан сайын берік ете түсу керек. Елбасы да қазақстандық бірыңғайлылықты ары қарай нығайту туралы айтқанда, бұны азаматтық қағидатқа негіздеудің қажеттілігін алға тартты. «Барлық азаматтар құқықтың бірдей көлемін пайдаланатын, бірдей жауапкершілік жүгін арқалайтын және тең мүмкіндіктерді иеленетін болады. Азаматтық теңдік, еңбексүйгіштік, адалдық, ғұламалық және білімпаздық культі, зайырлы ел – толерантты ел, міне, Мәңгілік ел идеясы базасындағы топтастырушы құндылықтар осы. Бұл жағдайда азаматтық – орнықты және табысты мемлекеттің ең сенімді іргетасына айналады», – деді Мемлекет басшысы.

Мәңгілік Ел идеясы арқауындағы жұмылдырушы құндылықтар – азаматтық теңдік; еңбексүйгіштік; адалдық; оқымыстылық пен білімді қастер тұту; зайырлы ел – тағаттылық елі. Осындай жағдайда азаматтық орнықты және табысты мемлекеттің ең сенімді іргетасы болады. Мемлекеттің аса маңызды құжатында ресімделген Мәңгілік Ел идеясы жалпыазаматтық құндылықтар жүйесі ретінде көрінуі тиіс. Мектептерде бүкілқазақстандық «Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтарын оқыту бағдарламасына енгізу қажет.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының елімізді көркейту жолындағы сарабдал саясаты бүгінгі таңда әлемдегі біршама елдер үшін үлгі боларлық өнеге. Бүгінде әлемдік қоғамдастық Қазақстанның ұстанған саясатын, халықаралық бағыттағы қол жеткізген жетістіктерін мойындап, біліп отыр. Тәуелсіздік алған жылдардан бері алып қарайтын болсақ, елімізде Елбасы саясатының арқасында көптеген ірі реформалар, оның ішінде әлеуметтік-экономикалық, саясимәдени, рухани салалардағы маңызды шаралар жүзеге асырылды. Саяси сарапшылар Қазақстанның аз уақыттағы жетістіктерін елдегі тұрақтылық, ұлтаралық достық пен толеранттылықпен байланыстырады.

Жалпы, 100 нақты қадам – «Ұлт жоспары» – бұл нәтижесі жағынан елімізде ұзақ мерзімді, кешенді, жүйелі, кең көлемде ықпал ететін стратегиялық құжат, сондай-ақ түбегейлі құрылымдық, институттық, жүйелік өзгерістерге әкелетін реформалар кешені, жаңғырту жобасы. Мұның ерекше мәні бар. Себебі, тұрақтылықты өз дамуының негізі етіп алмаған елдің болашағы да бұлыңғыр болатыны айдан анық. Елбасы – халқын шын сүйетін, перзенттік парызына адал, елін бірлік пен ынтымаққа ұйытумен келе жатқан саяси тұлға. Еліміздің даму діңгегіне айналған Ұлт жоспары – ұлт пен ұлыстарды ұйыстыратын, өткір де ұтқыр идеяға құрылған ортақ іс. Елбасы ұсынған 5 институционалдық реформа жалпыжұрттық деңгейде бірден қолдау тауып, халықтық реформа деген лайықты атқа ие болды.

Бұл жаңа Ұлт жоспарының көкжиегі кең, маңызы мен нәтижесі орасан зор екенін айғақтайды. Қазақ елі күн санап көркейіп, дамып келе жатқаны ақиқат. Елбасының реформалық бағдары және оның орындалу жолындағы тиянақты 100 қадамы еліміздің өсіп-өркендеуіндегі тездеткіш себепкері. Осы жүйелі жоспарда мемлекет тарапынан халықтың рухани-мәдени дамуына да баса назар аударылған.

2017 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖҰЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ

Бағзы замандарда патшалар мен әкімдер арнайы ат шаптырып, жұлдызшылардың жорамалын тыңдаған екен. Байқап көрелік Жаңа жылда Сізді не күтіп тұр екен.

ТОҚТЫ. Келе жатқан 2017 жыл Тоқтылардың бойында күш-қуат таситынын жұлдыздар уәде етеді. Өмірде кездейсоқ ештеңе де болмайды. Бар ынтамен істеген кез келген іс ертелі-кеш жемісін берері анық.

Тоқтылар жасай алатын ең дұрыс іс – жағдайды асықтырмай, өмір ағымымен жүзіп, өзіне тым көп күш түсірмеу. Егер мүмкіндік туып жатса, бар уақытын қызметіне, кәсібіне арнап қана қоймай, ұсақ-түйек шаруаларға да ден қойғаны абзал.

Тоқтылар бұл жылы жаңа таныстар тауып, сезімге беріліп, романтикалық хикаяларды бастан кешеді. Егер Тоқты бар жүрегімен шынайы бақытын табуға ұмтылса, алдағы жылғы тілектері мен талаптары қарапайым болуы тиіс.

ТОРПАҚ. Бұл жыл Торпақтардың күш-қайратын, төзімділігін сынға алады. Қызығу мен ләззатқа абай болғаны дұрыс. Келе жатқан жылы торпақтардың ләззат алуға деген ынтықтығының артатыны сонша, шәрбатқа батып, шыға алмаған шыбындай күйге түседі.

Себебі, тұрмыс-тіршіліктегі қызықтырар, еліктірер дүниелер мансабына, жеке өміріне, тіпті, сымбатына да кері әсер етуі мүмкін. Ойға алғанын жүзеге асыруға күш-қайраты жетіспеуі де мүмкін. Махаббат мәселесінде, жеке өмірде қызықтырар дүниелер үлкен қателікке ұрындырады.

→ 4

ТАРИХИ ЖЫРЛАРДАҒЫ АБЫЛАЙ ХАН БЕЙНЕСІ

→ 2

ҚЫЗЫЛОРДА ӨЛКЕСІ - АДАМЗАТТЫҢ ЕЖЕЛГІ ОШАҒЫ

→ 3

ТЕЛЕАРНАЛАРДЫҢ «ХУДСОВЕТІ» ТЕК ТАНЫСТАРЫНА ҒАНА ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

→ 4

Жаңа жылдық құттықтау

Ардақты ағайын!

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының атынан сіздерді келе жатқан Жаңа 2017 жылмен құттықтаймын! Жылдардың ауысуы – ол әрқашанда өткеннен болашаққа жасалатын сенімді қадам.

Жаңа жыл – кімнің болмасын жүрегіне жаңа үміттер мен аппақ армандар ұялататын, ғажайып қиялдарға қол создыратын ең сүйікті мереке.

Жаңа жыл – әр үйге шаттық, көтеріңкі көңіл-күй сыйлайтын, шуаққа бөлейтін отбасылық мереке. Барша адамдар бұл күні өткенді ой елегінен өткізіп, саралап, Жаңа жылға таза ниетпен, болашаққа деген мол сеніммен, нық қадаммен аттағанды қалайды.

Сонымен қатар, Жаңа жыл жүріп өткен бір жылға баға беріп, тың қадам жасайтын, рухани серпін беретін, жақсылыққа жол сілтейтін мереке.

2016 жыл біздің еліміз үшін естен кетпес жарқын оқиғаларға толы болды. Қазақстанның алтын ғасырының тағы бір жылы тарих қойнауына сіңіп барады. Тәуелсіздіктің таңы атқан тұста бір жазушы күнделігінде «Баба жыл кетіп, балаң жыл келді», – деп жазыпты. Шынында тарих үшін бір тұтам, жиырма бес жыл уақыттың ішінде қос ғасырдың үлесіне татырлық табысқа қол жетті. Елімізде Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығы, Желтоқсан оқиғасының 30 жылдығы, ЮНЕСКО аясында тойланған Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың 850 жылдығы мен Әлихан Бөкейханның 150 жылдығы сынды дүбірлі мерекелерді сән-салтанатпен атап өттік. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының қызметкерлері де аталған бағыт бойынша жемісті еңбек етіп, 70-тен астам іс-шара өткізді.

Жаңа жылды біз іргесі берік, мемлекеттігі бекем, аты әлемге танылған қуатты ел ретінде қарсы алып отырмыз. Елімізге табысты даму жолын көр-сететін «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасы, «Нұрлы Жол» жаңа экономикалық саясаты мен «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» және жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдаулары – әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына қосылу жолындағы біздің ауқымды қадамымыз.

Біздің табыстарымыз бен жетістіктеріміз 2017 жылы да жаңа идеялық ізденістермен және бастамашыл қадамдармен жалғасын таба бермек.

Бүкіл ел болып жұмылып «ЕХРО-2017» халықаралық көрмесін өткізу, Түркістан қаласының Түркі әлемінің 2017 жылғы мәдени астанасы мәртебесіне ие болуы атап өтуге тұрарлық. Барша қазақстандықтар, оның ішінде қорық-мұражай ұжымы да тауық жылы ортақ мемлекеттік мүдде жолында зор еңбек тартуларымен, жеке өнегесімен айшықты, үлес қосатынына сенімдіміз.

Қымбатты әріптестер, ардақты ағайын!

Келіп жеткен Тауық жылы босағаларыңыздан ырыс пен берекенің бастауы, жақсылық пен қуаныштың жаршысы болып аттасын.

Жаңа жылда Сіздерге игілік пен ізгілік, дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға бақ пен береке тілеймін!

Тәуелсіз Қазақстанымыздың тұғыры қашан да берік, туы биік болсын! Киелі Түркістан жерінің құты мен ырзығы арта бергей!

Жаңа жыл құтты болсын!

Ясауи мұралары көрікті Көкше жерінде

Көкше жері Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Ақан сері сынды сал-серілерді дүниеге әкелген алтын бесік, құт пен берекенің бастауы болған мекен. Желмаясын желдіріп «Жерұйықты» іздеген Асан қайғы бабамыз арқаның алтын мекені Көкше жерін көргенде «Ат ерін алмайтын, бір түн түнеп кетемін деген адам, бір жұма тоқтап қалатын» жер екен депті. Осы киелі өңірде осыдан бес жыл бұрын түркі халықтарының рухани көшбасшысы Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» кітабының XVII- XVIII ғасырда жазылған қолжазба нұсқасы табылғандығы бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жарияланған болатын. Қолжазба Ақмола облыстық мәдениет басқармасына қарасты «Әдебиет және өнер» музейінің қорында сақталған түркі тілінде жазылған хикметті музей қызметкерлері арнайы отандық шығыстанушы ғалымдарға аудартып, кітап боп басылып, оқырманға жол тартты.

ЮНЕСКО көлемінде тойланған Қожа Ахмет Ясауидің 850 жылдығына орай кітаптың арнайы тұсаукесері болып өтті. Өз кезегінде шара «Қожа Ахмет Ясауи мұрасы: маңыздылығы, сипаты және ғибраты» атты аймақаралық ғылыми конференцияға жалғасты. Конференция аясында еліміздегі іргелі «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі «Ясауи мұралары» тақырыбында көрме ұйымдастырды. Көрме экспозициясында 50 ден астам жазба жауһарлар көпшілік назарына ұсынылды. Қорық-музей қорында сақталған Пайғамбармыз Мұхаммедтің (с.а.у) өмірінен сыр шертетін «Мағариж уннубат» кітабының I томы, XVIII ғасырда жазылған қолжазба «Кәләм шариф» кітаптары, Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұралары, XIX ғасырдағы «Диуани хикметтің» қолжазба нұсқасы, 1905-1910 ж.ж. аралығында Тәшкен, Бұхара, Қазан, Ыстанбұл баспаларынан шыққан «Диуани хикмет» нұсқалары, «Рисаллә дар адаби тариқат», «Пақырнама», «Миратул Кулуб» кітабының қолжазба нұсқалары, Ясауидің ізбасарлары С.Бақырғанидің «Диуан» кітабының қолжазба нұсқасы, Софы Аллаярдың «Муслукуль ал муттакин» кітабы, Хожа Хафиздің «Диуан» өлеңдері, Әлішер Науаидің «Ғазал» еңбегі, Имам Мағрудидің «Қиссасы», Шейх Худайдад Таш-Мұхаммед әл-Бухаридің «Бустан уль-Мухиббин» қолжазба кітаптары көрме экспозициясының төрінен орын алды.

Көрменің ашылуына арнайы облыс әкімінің орынбасары Н.Нүркенов, облыстық Мәдениет басқармасының басшысы С.Бөрібаева, отандық ясауитанушы ғалымдар, жазушылар, мәдениет және қоғам қайраткерлері, БАҚ өкілдері қатысып, Ясауи мұрасымен сусындап, көтеріңкі көңіл күймен тарқасты.

Б. БАЙБОЛОВ

Тарихи жырлардағы Абылай хан бейнесі

Қазақ көркем ой жүйесіндегі ұлтымыздың өткен өмірін, тарихи белбелестерін әйгілейтін халық әдебиетінің күрделі жанрлық саласының бірі - тарихи жырлар. Эпикалық кең тынысты шығармаларды туғыза білген халық жырға тарихи оқиға жүйесін көркемдік тін етіп, азаттық аңсаған рухын сиғыза білді. Халықтың ауыз әдебиетінің көркем үлгісінде көрініс тапқан тарихи жырлар тұтас ұлттың көркемдік таным мәдениетінің биік көрсеткіштері қатарынан орын алады.

Жандос ӘУБӘКІР,
филология ғылымының кандидаты,
доцент

Тарихи жырларда, өлең–толғаулард а тарихи әділет пен көркем шындықты арналас етіп тоғыстырған бейнелердің бірі – алаш айбыны Абылай хан бейнесі. Қазақ қоғамын Абылай хан бейнесі ұлттық тәуелсіздік идеяларына жұмылдырды, әрі сол жолда бар қажырымен аянбай қимыл етті. Қазақ елінің мандайына біткен тұңғыш ғалымы Ш.Уәлиханов ақын-жырауларымыздың поэзиясында Абылай бейнесінің ерекше леппен жырлануын былай деп түсіндіреді: «Қазақ хандарының арасында Абылайдай шексіз билікке ие болған бір де бірі жоқ».

Тарихи жырлардың көшін бастаған Абылай туралы өлең - жырларды зерттеп, танудағы ескеретін жайт, сол замандағы халық басынан өткерген тарихи жағдай мен көркемдік жүйені ұндестіре, бірлікте қарастыру болмақ.

Абылайтану ғылымының іргелі саласы қатарына саналған бұл жырлардың көркемдік дәстүр орнақтығын, ондағы тарихи шындық мәселесін терең зерттеу тарихи жырлар құндылығын өзгеше сапаға, жаңа белеске көтермек. Абылай хан туралы жырларда қазақ халқының XVIII ғасырынан бастап қалыптасқан көркем бейнелер көрініс тапқан. Бұл тақырыптағы жырлардың тарихи тамыры, көркемдік жүйесі шынайы әрі ұлттық сипатта берілуі оларды зерттеу ісіне зор ықпаласты қажет етеді.

Абылай орда бұзар отызға қараған жасында алғыр, жігерлі, қайрат-қуатымен ел билігіне араласады. Оның намысқой, өр мінез, сөзге ұста, айтқан сөзінен қайтпайтын қайсар, істер ісіне тиянақты болғандығы жайлы мінез ерекшеліктерін ашатын деректер бүгінде көптеп саналады. Ашық жүзді, адамға тіктеп қарайтын тұңғиық ойлы көзі, батыр тұлғалы бітімі, ақсүйек қауымына тән өрлігі оның бекзадалығы мен тектілігін айқындап тұратын. Хан өз ерен іс-әрекетін, кемел ойын, ғибратты сөзін қазақ ұлтының бүгіні мен келешегіне қапысыз арнады.

Аңыз-әңгімелердің, өлең-жырлардың бәрінен де Сабалақтың тұр түсінен тегін, қарапайым адам емес екендігі, ішінде үлкен күш-қуат барлығы айтылады.

Үйсін Төле биге байланысты бір аңыз әңгімеде Сабалақтың ұйықтап жатқан кезі былай дәріптеледі: «Ұйықтағанда түсі жапжарық болып тұрады, шамшырағы бар сияқты. Екі қолы мен екі аяғын екі жаққа жіберіп, төрт тағандап, керген төстіктей болып керіліп жатады екен. Қолым жеткенше ұстаймын, аяғым жеткенше барамын, дүниенің төрт бұрышын тіреп тұратын ұл боламын дегені ғой».

«Абылай хан…Ақ атан» атты жырда ол эпостық кейіпкерлердің біріндей киесі бар адам ретінде суреттеледі. Еренғайып Абылайдың түсіне еніп, аян береді:

Ақбас атан қараған
Жаққа жүрсең, жеңесің
Қарсы келсең сен оған
Бақты басқа тебесің.

Абылай «атаным-бақыт құсы» деп түйеді. Ақ атан бірде Қоқан ханы Абылайды өлтіруге жіберген жансызды күні бұрын біліп қойып, шайнап тастайды… Әрине, сәуегейлік, көріпкелдік бұл суреттер Абылайдың балалық шағынан көп кейін, оның тепкен тасы өрге домалап, айтқан сөзі жерге түспей тұрған шағында шықты деуге болады. Әйтпесе, барар жер, басар тау таппай, бір жерден бір жерге көшіп, біреудің қасы мен қабағына қарап, жас өмірін жылдар бойы кісі есігінде өткізер ме еді?

Шәді жазды дейтін жырда: «Аталық Абылайды қасына алып, қосылып керуенмен кетті еріп» деген жолдар бар. Бұл жердегі әңгіме Әбілмансұрды кішкентайынан тәрбиелеген, қауіп-қатерден сақтап қалған Ораз аталық туралы айтып отыр. Ол тарихи болған адам. Олардың ұрпағы бұл күнде Көкшетау облысында тұрады, бір қауым ел.

Абылай он сегіз жасында, шамасы 1729 жылы қалмақпен болған қанды майданда алғаш рет көзге түседі. Оның қалмақ батырымен жекпе жегі талай жырларға арқау болған. Дегенмен, ең сәтті, бейнелі, әсерлі көрініс «қазақ қиссаларынан» алынған «Абылайхан» жырында деп танимыз. Қалмақ батыры Шарыштың сипаты:

Зор дене, түсі суық, шойын қара,
Байқасақ, жүз кісілік бардай шама.
Білектен белге ораған айдары бар,
Ұқсайды дулығалы мұнараға.
Күші мен әдіс-айла тең келгендей,
Мың пұттық қара тасты өңгергендей.
Асып тұр мың сан қолдан кесер басы,
Тұтқасы болса жерді иіргендей.

Алапат батырға жекпе-жекке шығуға тайсалмас жүрек, босамас буын керектігі ақиқат. Осы ұрыстың өзінде бірнеше батырды мерт қылған Шарыштан бала батыр тайынбайды, табандап қарсы шабады. Айқаста адалдық сақтайтын қалыптасқан дәстүр бар кез – бірінші кезекті үлкен болғандықтан Шарыш алады. Жекпе-жек:

Түкіріп екі қолға күшін жанып,
Қызарып екі көзі оттай жанып.
Бетке алып өндіршекті келе жатыр,
Шығармақ ту сыртынан бір-ақ жарып.
Қатты қол, қарағай сап, өткір найза,
Жарқ етті ақ сауытқа қадалғанда
Өзіне өзі сенбей қалды тұрып
Найзасы дәл ұшынан майырылғанда.
Сол кезде:
Сабалақ «Абылай» деп ұран салды,
Найзаны майырылған жұлып алды.
Құлаштай сарбестіге қамшы басып,
Ағындап шауып келіп кезек алды.
Ұмтылды сарбестімен шоқтай болып,
Атылған сары мойнақ оқтай болып.
Желкеден сары қылыш жарқ етканде,
Шарыштың басы түсті доптай болып.

Көкбай Жанатайұлының «Абылай хан. Сабалақ» атты поэмасында Шарышты жекпе-жекте жеңген батырдан Әбілмәмбет хан жөн сұрайды:

– Шырағым, неге шаптың Абылайлап?
Босады жүйкем қатты ағамды ойлап.
Әкең кім? Ел жұртың кім? Туғаның кім?
Көнінді бастан аяқ айтшы жайлап.
Бала айтты: қазақ қалмақ ерегесі
Мұндайда ердің қозар делебесі
Қысылған соң ауыма түсіп кетті
Абылай – атам, мен – оның немересі.

Әбілмансұрдың бабасының аруағына сиынуы ата тегінің сырын ашады.

Шәді ақынның қаламынан туды деген дастанның Абылай әулетінің шежіресіне байланысты күмән келтіретін, тарихтан алшақ кеткен жері өте көп. Жырға сенсек, Абылайдың әкесі Бұқардың билеушісі Әбілфайыз болған екен, Әбілфайыз өлгеннен кейін әміршісі Марайым жауыздықпен таққа отырады. Әбілфайыз патша баршасын өлтіреді, жарты жасқа толмаған Абылай есімді ұлына қауіп төнеді.

«Абылай хан» атты Есенбай ақынның қисса-дастанында ақын:

Сабалақ ту көтеріп «Абылай хан»,
Барша халық «Абылай хан» ұран салды.
Көк те Абылай, жер де Абылай, бәрі Абылай
«Абылай хан» ұран салды бір жан қалмай.

Шумаққа ұрысқа жұмыла атой салған шабуыл сәті шешім болып алынған. Майдан жеңіспен аяқталып, «Абылай хан» деп шапқан ұранның мәні ашылды. Содан Әбілмәмбет хан Сабалақ жайлы:

Қазақтың баласына кек әперген

Өзі хан, аты Абылай болсын депті,-дейді жырда.

Бірқатар жыр, аңыздарда Абылай алғаш ұрысқа қолбасы Бөгенбай бастаған жасақпен қосылып барады. Мұның ақиқатқа неғұрлым жақын келетіні түрлі тараптан аңғарылады. Ұрыс тәжірибесін меңгермеген жас батыр сан жорықтарда шыныққан ерлерден тағылым алып, солардың әдісімен танысып барып, майданға шығуы ұтымды шыққан. «Абылай хан» дастанында қалмақ батыры Шарышқа жекпе жекке шығатын жан табылмай, соңынан сайысқа Бөгенбайдың өзі түсуге бекінеді. Соғыс ісінде алмағайып жекпе жекке қолбасының өзі түсуі қатерлі саналады. Өйткені, жазатайым қолбасы жеңілсе, күллі әскердің де беті қайтқан болып саналады. Сондықтан да Шарышпен ұрысамын деген Бөгенбайға қазақ қолы рұқсат етпейді. Осы кезде топтан суырылып сайысқа түскен, жау батырын жер жастандырған көпке белгісіз батыр Сабалақ болады. Жоңғардың батырын өлтіруі, «Абылайлап» ұран тастап, дұшпанның қалың қосынына қарсы шауып, қазақ жауынгерлерін рухтандыруы оның Сабалақ атын да, туа біткен Әбілмансұр атын да ұмыттырып, Абылай есіміне ие етеді

Бұқар жыраудың Абылайға арнаған атақты өлеңінде ханның он бір, он бес, жиырма, жиырма бес, елу, алпыс, жетпіс жасы суреттеледі. Өсу, ержету, толысу кезеңдері баяндалады.

Абылай есіміне байланысты дастандар мен өлеңдердің де, аңыз-әңгімелердің де ортақ ерекшелігі-онда тек басшысының ғана бастан кешкендері баяндалып қана қоймай, хан айналасындағы нөкерлері, ру көсемдері мен батырлар төңірегіне құрылуында. Бірақ солардың бәрі дерлік қазақ ханының мәртебесін көтеруге жұмылдырылған, әрі сонысымен көркем образдар жүйесін құра білген. Қалмақ ханының ханымы қаз дауысты Қазыбекті, Тайкелтір шешенді, Жәнібек пен Тұрсынбай батырларды қалай мінездегені жөнінде әңгіме өзінің терең мазмұнымен де, Абылай айналасындағы атақты адамдарды сипаттай алғанымен де тартымды. Қарашалары осындай ғажайып жандар болып көрсетілуі ханның бейнесін асқақтата түсері анық.

Тарихи жырларда Абылай ханның өмір өткелдері, даңқы мен замана қайшылықтары, ханның серіктес шоралары мен нөкерлері, жаулармен арасындағы қарым- қатынас қырлары, хан өмірінің жұлдызды шағы «бағы қайтқан» ақырғы кезеңі жөнінде неғұрлым кең сипаттама берілген.

Аңыз, әңгімелер қазақ елінің тұтастығын, тәуелсіздігін сақтау жолында Абылайдың сіңірген еңбегін әр тараптан мадақ етумен қатар қазақ қоғамының ішіндегі алауыздықтар мен қайшылықтарды да қағыс қалдырмайды. Қазақ қауымының шашырандылығы, рулар мен тайпалар билігі «өз көсемдерінің» қарауында болуы хан әмірінің тегеурінін әлсіретіп отырған. Ру, тайпа басшылары жау жеңіліп, бейбіт күндер туғанда өз мүдделерін ғана көздеп, хан пәрменіне кейде бой ұсына бермеген. Атағы жер жарған Абылайдың ең «әлсіз» тұсы да осы болатын. Ауызша таралған бірсыпыра әңгімелерде тайпа билігінің хан әміріне қайшы келіп, кейде ашық қарсы шығып, күш көрсетулері де орын алғаны сөз болады. Бекболат бидің Абылаймен күш сынасып хан ауылын шаппақ болуы осыған мысал. Қазақтың арғы бергі хандарының басына түскен қасірет иен далада жатқан руларды шоқтай жиып, қатаң тәртіпке көндірудің қиындығы асқан ақыл иесі Абылайды да айналып өтпеген. Абылай өмірінің ақырғы кезеңінде оның беделді, белгілі дәрежеде төмендеуінің себебін де осындай жағдайлардан іздеу керек. Бұл жағдай шежірелер де аталып көрсетілген.

Көкбай ақынның «Абылай хан. Сабалақ» жырында Абылай бас кейіпкер ретінде, ерлік қимылдар үстінде танылады. Жырдың басында Әбілмансұрдың жетім қалып, Төле би ауылына келген кездегі «Сабалақ» бейнесін ақын шеберлікпен суреттейді:

Бір бала үсті-басы далба-дұлба,
Күрсініп дем алады анда-санда.
Жылтыр көз тікірейген, сұрғылт сары,
Жаратқан ерекше ғып алла тағала.
Қой жүні, жыртық күпі, сеңсең тымақ,
Көзіне шашы түсіп кеткен тым-ақ.
Сұңқардың отырысы баласындай
Нәсілі Төле биге кетті ұнап.

Абылайдың сыртқы кескін келбеті де, қарапайым бейнесі де, тектік қасиеті де бір аяға сыйдырылған. Үсті-басы далбадұлба болып, шашы ұзарып, көзіне түссе де «жылтыр көз тікірейген» деген портреттік деталь арқылы оның өр мінезін, өжеттігін, батылдығын байқай аламыз. «Құс болсаң ақ сұңқардың балапаны, Адам болсаң қазақтың нағыз ханы» деп Төле би де оның қарапайым адам емес, текті тұқым ұрпағы екенін бірден таниды. «Асыл текті», «еш баламен ойнап-күлмейтін», «Күн сайын көрсететін көп қайратты» Сабалақ өзінің ақылдылығы менептілігін көрсетіп қойдан түйеге, одан жылқы бағуға шығады. Халық арасында аңызға айналған Сабалақ мінездерін Көкбай өз жырында сәтті пайдаланады. Ақын баланың аяқ-қолын төрт жаққа соза көсіліп жатуы мен Төле би қалдырған малдың басын жалғыз жемей, жодастарына үлестіру сияқты детальдар арқылы болашақта ел билейтін адамның белгілерін көрсетеді.

Мәшһүр Жүсіп жазып қалдырған «Абылайдың қалмақтың ханы Қалден Серенге тұтқын болған хикаясы» дастанының жүгін көтеріп тұрған халықтың қарасөз туындысы. Әрбір әңгіме ханның мінез қырларын жан-жақты жарқыратып ашады. Абылайдың бірнеше күн бойына аш бола тұрса да «бір аяқ қара суға тобықтай тоң май салып бергенде намыс көріп ішпей қоюы» оның өрлігін көрсетсе, қалмақ ханының ақылымен жендеттер келіп «ханнан жарлық болды, қарадан жабдық болды сіздің мейманаңыз толды, құдайдың сізге бұйрықты жазуы осы болды» деп бопсалап, қылышпен шаппақ болғанда жасқанбастан отыруы жүрек жұтқан ерлігін танытады. Сондай-ақ Абылайды қамаудан шығарып, қалмақ ханының үйіне кіргізгенде босағада тұрып қалмай, төрде тұрған таққа барып отыруы «осы жерге неге отырасың?» дегенде «бұл орын Қалдан Серендікі еді, оның құты қашты да, менің аруағым басты. Өз орнына өзі отыра алмай менің аруағымның күштілігінен орнынан безіп шығып кетті, тақтың үсті ханның орны болады, қалмақтың ханы Қалден Серен отырмағанда, қазақтың ханы Абылай отырмағанда бұл орынға шайтан отыра ма?» деуі кемел парасаттық белгісі.

Қалдан Серен мен Абылай арасындағы «сынасудың» шырқау жері қалмақ ханының соғыста өлген ұлы Сәру туралы әңгімесі. Тарихи деректер бойынша Сәруді бір ұрыста Абылай өлтірген. Ішіне ыза кегі сыймай отырған Қалдан Сереннің «Сәру қайда?» деп үш қайталаған сұрағына Абылай бірінші жолы «жақ тартушы көп болды, жаман аты бізде қалды», екінші кезекте «Сәрумін деп ол айтпады, кеспеймін деп қару айтпады», үшінші ретте «Көрінбеген Сәруді іздегенше, көрініп тұрған өзіңдіізде» деп жауап береді. Алғырлық пен тапқырлыққа толы бұл сөздер бір қазақ емес, әлем әдебиетінің шежіресінен де орын аларлық. Әрине, Қалден мен Абылай арасындағы сөздердің дәл осылай болғанын құжатпен дәлелдеу мүмкін емес. Бірақ артында іргелі елі бар Абылай сынды қайраткердің тұтқында отырмын, қылмысым ауыр екен деп дұшпанға жалбарына сөйлемейтіні, болған істі терезесі тең адамша баяндайтыны күмән туғызбайды.

Абылай жайындағы өлең-жырлардың, дастандардың, аңыз әңгімелердің, шежірелік жазбалардың, естелік-зерттеулердің жиналып, топталғандары төңірегінде айтылар кейбір пікір осылар. Ұзақ жылдар бойында қазақ тарихының мәселелері белгілі бір догматикалық «қалыппен» бағаланып, біржақты түсіндіріліп, орынсыз бұрмаланып көрсетілгендіктен, бұл тақырыпқа ешкімнің де бара қоймағаны белгілі. Осы себептен Абылай ханға қатысты ел аузындағы мұраны жинауға да көңіл бөлінбеген, бірқатар шежірелердің, көнекөз қариялардың, дарынды айтушылардың білгендігі хатқа түспей келгені өкінішті. Алайда, біздің заманымызға ұмытылмай жеткен мұра тәрбиелік жағынан аса құнды.

Абылай туралы тарихи өлең жырлар мен дастандарды қорыта келе, онда Абылай өмірінің елеулі кезеңдері, ерен істері, қайраткерлік, қолбасшылық, дипломатиялық қызметтері, бітім тұлғасындағы өзіндік ерекшеліктері, қасиеттері қамтылғандығына көз жеткіземіз.

3-ші ХИКМЕТ

Қаһар атты қаһарың

Қаһар атты қаһарың – қорқып жылар Қожа Ахмет,
Рахман атты рахымың – сертін қылар Қожа Ахмет.
Күнәйім көп, ылайым кешіргейсің, Құдайым,
Кім бар құлдар ішінде дертіңді ұғар, Қожа Ахмет?..
Мұнафықтар ылаңы – күнә-қылмыс қылады,
Жүзін жаспен жуады – өртін қуар Қожа Ахмет.
Тарихатты білмедім, Хақиқатқа кірмедім,
Пір бұйрығын ілмедім: дертің – бұлар, Қожа Ахмет.
Ақырзаман болған дүр, залым төрге қонған дүр,
Харам, шүбә толған дүр, татқан зәһар Қожа Ахмет.
Хас шерменде, шын құлмын, ғашық жолда бұлбұлмын,
Арыстан бабты пір қылдым, –
Бақтан болар, Қожа Ахмет.
Құл Қожа Ахмет, тағат қыл, жыламақты әдет қыл,
Бәле келсе – сабақ біл,
Хақтан болар, Қожа Ахмет.

АҢЫЗ ӘПСАНА

Алғашқы керемет

Әулиелердің әулиесі атанған құл Қожа Ахмет Ясауи жайлы көптеген ел аузында аңыздар, әңгіме, әпсаналар молынан сақталған. Солардың бір-екеуіне тоқтала кеткенді жөн көрдік.

Ибраһим ата-Сайрам қаласының беделді ғұламаларының бірі еді. Негізінде күн көрістік кәсібі диханшылық болатын. Әсіресе жаз айларында таңның атысы мен күннің батысына дейін тырбана еңбек ететін. Қасындағы көмекшілікке жарап қалған үлкен ұлы Садыр екеуінің қолдарынан кетпені, шоты тырмасы бір түспейтін. Түске таянғанда ұлы мен күйеуіне даярлаған тамағын көтеріп Қарашаш ана жететін. Сылдырай аққан су, көркем табиғат аясында шағын дастархан жайылады. Тандырда жаңа піскен нанның иісі танауды жарады, құмырадағы сүттің дәмі тіл үйіреді. Түскі тамақтан соң, Ибраһим мен Қарашаш ана тыныға отырып, әңгіме қозғайтын. Садыр мен Ахметтің келешегін ойлап, тәтті-тәтті қиялдарға берілетін. Сондай күндердің бірінде, анасына ілесіп, кішкентай Ахмет егіс даласына келеді. Әкесі мен ағасы егістің арам шөбін шауып жатыр екен. Жүздері әбден күнге тотыққан. Мандайларынан тер моншақтайды. Жаны ашыған Ахмет:

– Әке, мұнша қиналғанша неге бір сөз айтпайсыз, өзі ақ шабықталар еді ғой, – дейді.

– Ұлым ол менің қолымнан келе қоймас, – деп әкесі ағынан жарылды.

– Ендеше мен байқап көрсем қайтеді деді, – дихан ата баласына сынай көз тастап.

– Байқасаң байқа, мен дәрет алып, намазымды оқиын, – деп кете барды.

Жайқалып өскен бақшада жас Ахмет өзі ғана қалды. Қолындағы шыбығын оңды солды сермеген бала: Жегенең қал, бөгенең сыртқа шық-деп бірнеше мәрте қайталады.

Сол сол-ақ екен атыздардың барлық арам шөбі жерден суырылып, егістіктің бір шетіне шөмеле болып үйіле берді. Ұлының ерекше қасиетіне көзі жеткен Ибраһим ата мандайынан сүйіп, батасын берді. Бұл хикметтерімен әлемді аузына қаратқан дана баба-Қожа Ахмет Ясаудың алғашқы кереметі еді.

ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 25

«Өмірі өнегелі Өзбекәлі» тұрақты экспозициясы

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің құжыра бөлмесінен кинозал ашылды

«Ырысты тасыған ыдыстар» тақырыбындағы көрменің тұсаукесері

ЮНЕСКО/ИКОМОС консультативтік миссиясының аясында ресейлік сарапшы Н.Душкино Мәдениет және спорт вице-министрі Ғ.Ахмедияровтың қатысуымен өткен дөңгелек үстел

Ұлыстың ұлы күні әз-Наурыз

«Ясауи мұрасы – мәңгілік мұра» Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында

«Бірлігі жарасқан елміз» салтанатты шара

«Абыздан жеткен асыл сый» акциясы Ш.Құдайбердіұлының тұтынған заттары музейге табысталды

«Ел мен ердің жеңісі» мерекелік шара

«Ел мен ердің жеңісі» мерекелік шара

Абай қорық-мұражайының ұйымдастыруымен «Ұлы дала елінің ұлы ақыны» тақырыбындағы көрме

«Менің хикметтерімнің бар мағынасы Құран» тақырыбындағы жасөспірімдер арасында өткен сайыс

Премьер-Министр К.Мәсімов және Мәдениет және спорт министрі А.Мұхамедиұлы «Әзірет Сұлтан» қорық мұражайында

«Бүгінгі музейлердің тәуелсіздікке қосқан үлесі» кітапхана көрмесі

Сыр өлкесі – адамзаттың ежелгі ошағы

Мыңдаған жылдар бойы Арал теңізінің оңтүстігі, оңтүстік-шығысы мен шығысын жайлаған халықтар және тайпалардың тарихы мен тұрмысы Сырдария, Әмудария өзендерімен тығыз біте қайнасып жатыр.

Бұл екі ұлы өзендердің бойы мен екі аралығын және сағасын өте ерте замандардаақ адамдар мекен еткен болатын.

Мыңдаған жылдар барысында бұл өзендер арнасын талай рет ауыстырды. Түрлі соғыстардың әсерінен бөгеттер мен ирригациялық жүйелер қиратылып I мыңжылдық ортасында Әмудария батысқа қарай бұрылып кетті де IV-VI ғ.ғ. Арал теңізі тартылып кетті. VII-XIII ғ.ғ. арасында өзен арнасы түзеліп қайтадан Аралға беттеді. XIII ғ. Монғол шапқыншылығы Хорезм өлкесінің су жүйесін қиратып, Әму қайтадан батысқа бұрылып Сарықамыс ойпатына құя бастады. XIV ғ. Әмір Темірдің әскері қалалар мен ирригацияны қиратуы себепті Әмудария Сарықамысқа және Үзбойға құйып Каспий теңізін толтыра бастады. Арал тағы да тартылып кетті де XIII-XIV ғ.ғ. су кеткен жерге қалалар салына бастады. 1417 ж. тарихшы, географ Шахрух Хафиз-и Абру Арал теңізі жайлы «Бұл көл қазір жоқ Жейхун (Әму) өзіне жаңа арна қазып алып Хорезмнен өткен соң Хазар (Каспий) теңізіне құяды» ал, Сырдария жайлы «ол Хорезм даласында Жейхунға қосылып Хазар теңізіне құяды»-деп жазады.

Шындығында Сырдарияның көне арналары қазіргі күнге дейін Інкәрдария, Жаңадария, Ескі Қуандария, Қуандария деген атауларымен сақталған. Олардың бойына көптеген қалалар мен қоныстар, егістік алқаптар мен су жүйелері орналасқан. Бұл арналардың көп жерлері қатар орналасқан екі немесе үш арнадан тұрады, олардың көбі көл не батпақ түрінде сақталған. Сырдың ең көне арнасы Інкәрдария, оның төменгі және ортаңғы ағысынан көптеген неолит, энеолит дәуірінің Қосмола, Жалпақ 1-ден Жалпақ 6-ға дейінгі тұрақтары және қола дәуірінің Солтүстік Тәгіскен, Көксеңгір, Егізқоқ сияқты тұрақтары табылған. Жаңадария б.з.д. VII-V ғ.ғ. қалыптасып Іңкәрдарияның кейбір бөліктерін өзіне қосып алды, шамамен осы уақытта Ескі Қуандария арнасы да пайда болып, судың бір бөлігі сонымен ағып жатты, кейіннен ол бір тартылып бір толып XVIII-XIX ғ.ғ. бойы сағасын суландырып келді. Сырдың қазіргі арнасы тіпті кейінде – XIX ғ. екінші ширегінде қалыптасқан деп есептейді ғалымдар.

Б.з.д. VII-V ғ.ғ. Аралдың шығыс жағына сақ-массагет тайпалық одағы қоныстана бастайды. Бұл дәуірден қалған ескерткіштерге

Ұйғарақ, Оңтүстік Тәгіскен қорымдары мен «шлактан үйілген қорғандар» жатады.

Б.з.д. VII-VI ғ.ғ. Жаңадарияның бойында ірі бекіністі қоныстар ғана емес Шірік-Рабат, Бәбіш-Молла сияқты қалалар да пайда болды, олардың халқы мал өсірумен, суармалы егіншілікпен және қолөнерімен айналысқан сақ тайпалары еді.

Б.з.д. IV-II ғ.ғ. Сырдың төменгі ағысын мекендеген халықтар үшін қолайлы болды, мұндағы сақ тайпалары арасында отырықшылық қалыптасып, егіншілік дамыды, бұған Сырдың жаңа арнасы Жаңадарияның мол суы қатты әсер етті.

Осы кезеңде Жаңадариядан су құйылатын Іңкәрдарияның ескі арнасы бойында Баланды қонысы мен суландыру жүйелері, Сеңгір қаласы мен каналдар тізбегі қалыптасты. Б.з.д. II ғ. Жаңадария кеуіп қалып өзен Ескі Қуандария арнасымен аға бастайды.

Ескі Қуандария арнасы бойында б.з.д. V пен б.з. VIII ғ. арасында Жетіасар мәдениеті қалыптасты. Жиырмаға жуық асарлардың ішіндегі ең ірісі – Алтын асар қаласы. Олардың тұрғындары егіншілікпен, балықшылықпен және аң аулаумен айналысқан.

«Домалақ асар», «Томпақ асар», «Қара асар», «Бидайық асар», «Ашақ асар», «Үңгірлі асар», «Сырлы асар», «Моншақты асар...» деп кете беретін бұл асарлар нағыз ежелгі дәуірлік өркениеттің орталығы болды.

Б.з.д. II ғ. Ұлы Жібек жолының Солтүстік тармағы қалыптасып, ол тап осы Жетіасар қалалары үстімен Ескі Қуандария, Қуандария өзендерінің бойымен жүріп отырды.

Б.з.д. VIII ғ. Тұран даласында қалыптасқан деп есептелетін Зардушт (Зороастризм) дінінің бас кітабы «Авестада» кездесетін Қанға (Канга) қаласы мен елі жайлы толық мәліметті б.з.д. 138 ж. Қытай керуенбасшысы Чжан Цянның жазбаларынан ғана біле алдық. Еліне 13 жылдан соң оралған Чжан Цян Қангүй мемлекеті жайлы, оның аймақтары, қалалары жайлы толық мәлімет береді. Ол бұл алып мемлекеттің көшпелі тайпалардан тұратынын, дегенмен біразы отырықшылыққа да көшіп, көптеген қалалары да бар екендігін жазады.

Қангүйлердің билігі Каспидің солтүстік жағалауларына дейін жететін, онда оларға бағынышты Янцай атты иелігі болды.

Жайық (Орал) бойындағы ормандарды мекендеген тайпалар Қангүйге аң терілерінен алым-салық төлеп тұрды. Қангүйдің негізгі территориясынан басқа (астанасы Ыстық көлдің жағасында, Жетісу өлкесі) тағы да бес өлкенің оған қарайтынын айтады. А.Н.Бернштамның анықтауынша бұл бес өлкенің біріншісі Юениге Ташкент оазисі, Сусеге – Сырдың орта ағысы мен Арыс бойы және Қаратаудың солтүстік беткейі, Фумуға – Жаңа қорғаннан Қазалыға дейінгі жерлер, Гиге – Сырдың төменгі ағысы, Юегянға – Хорезм өлкесі тура келеді.

Қызылорда облысына Сусенің солтүстік бөлігі мен Фуму және Ги өлкелері толық енген. Мұндағы археологиялық ескерткіштер (қала, қоныс, жерлеу рәсімі, тұрмысқа қажетті заттар т.б.) Қауыншы, Отырар-Қаратау және Жетіасар мәдениеттеріне жататындығы анықталған.

Бұл үш мәдениеттің де б.з.д. II-I ғасырлардан б.з. VIII-IX ғғ. дейінгі аралықты қамтитыны белгілі. Қаңғүй мемлекеті б.з.д. III ғасырдан б.з. IV ғасыры аралығында өмір сүрген.

Жетіасар мәдениетінің үшінші кезеңінде (VII-IX ғғ.) Сырдың Аралға құяр сағасында орналасқан және ғылымда «батпақтағы қалалар» деген атпен мәлім Джанкент, Кескенкүйік қала және Үлкен күйік қала атты қалалар пайда болды. С.П. Толстов бұл қалаларды оғыздармен байланыстырып Джанкенттің оғыздар патшасы тұратын Янгикентке айналғандығын жазады. IX-XI ғ.ғ. аралығында Інкәрдария мен Жаңадарияның бойында Сырлытам, Заңғарқала, Қызай, Бестамқала, Мәртік қала, Сайқұдық қала I-III, Қыз молла, Қожа қазған сияқты оғыз қалалары өмір сүрді. Бұл тұста Сырдың орта ағысынан Арал, Каспий жағаларына дейінгі жерлер және Әмудария бойы мен екі аралық түгелдей Оғыз мемлекетіне қарайтын. Олардың тұрғындарының құрамы қарлұқтар, шаруқтар, қимақтар, оғыздар, қыпшақтар, шігілдер, тұхсылардан тұратын. Жалпы Қызылорда облысында орналасқан жүздеген қала мен қоныстың IX-XVI ғ.ғ. аралығында өмір сүрген 90-нан астамы және қазақтар мен қарақалпақтардың 30-дан аса қорыммазарлары зерттелген.

Соңғы жылдары теңіздің тартылып кеткен жерінен Арал асар қаласы мен Кердері кесенесі табылып XIV ғ. жататындығы дәлелденді.

Сырдың орта ағысында ерте орта ғасырдан кейінгі орта ғасыр аралығында (V-XVIII ғ.ғ.) өмір сүрген Қырөзгент, Баршынкент, Ордакент, Сығанақ, Мейрамтөбе, Құмиян, Келінтөбе, Артық ата, Аққорған, Жанкент және т.б. көптеген қалалар орын тепкен.

Сонымен бірге жүздеген қорымдар, мазарлар, кесенелер мен мешіттер кездеседі, олардың ең ертедегісі б.з.д. IV-II ғ.ғ. салынған Баланды кесенесі, орта тұстағысы Кердері, ал соңғылары Қорасан ата кесенесі мен Ақтас мешіті демекпіз. Міне, осы орасан зор көлемдегі мәдени мұраға ие болып оларды зерттеп, қорғап, реставрациялап болашақ ұрпаққа жеткізу барлығымыздың міндетімізге алатын үлкен жауапты іс демекпіз.

Марат ТҰЯҚБАЕВ,
тарих ғылымының кандидаты

Мұртты қорғандар

«Мұртты обалар» деп аталатын ерекше үлгідегі ескерткіштер негізінен Орталық Қазақстан жерінде жақсы зерттелген. Ерте темір дәуіріндегі Орталық Қазақстанның ежелгі көшпелі мәдениеті неғұрлым көлемді археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген Тасмола қойнауының атына сәйкес «Тасмола мәдениеті» деп аталады.

А.З.Бейсенов Тасмола мәдениетінің ескерткіштеріне зерттеу жұмыстарын жүргізе келе «мұртты» обалар «салт жораларын өткізетін құрылыс», «ғибадат ететін кешен», «жерлеу – салттық ескерткіштері» және «абыздардың аспанмен тілдесетін орны» деген тұжырым жасайды.

«Мұртты» обаларды зерттеу жұмыстарын 1927-1946 жылдар аралығында Л.Ф.Семенов, 1932 жылы П.С.Рыков, М.П.Грязнов, И.В.Синицын, А.А.Козырев, С.В.Киселев, Ә.Х.Марғұлан сынды ғалымдар жүргізіп, өз пікірлерін қалдырған болатын.

Тасмола ескерткіштерінің архитектуралық құрылымын анықтауда, сонымен қатар «мұртты» обалардың ғылыми зерттеу айналымына түсуіне және құрылысын зерттеуге өз үлесін қосқан белгілі ғалым М.Қ.Қадырбаев болатын.

С.Г.Боталов, А.Д.Таиров, И.Э. Любчанский сынды ғалымдар «мұртты» обалардың жалпы кездесу аймағын төрт топқа бөліп қарастырады:

1. Сарыарқалық топ – Орталық Қазақстанның көптеген бөлігі мен Ертіске дейінгі аймақ.
2. Ұлытаулық топ.
3. Моғалжар мен оған жақын аймақ.
4. Оралдық топ.

Қазіргі уақытта мұртты обалардың құрылымдық жүйесін (типология) жасауда үш түрлі көзқарас қалыптасқан. Бұл жүйені 1966ж. алғаш жасаған М.Қ.Қадырбаев болды. Ол мұртты обаларды төрт топқа бөліп қарастырады. 1983 ж. П.Н.Мариковский Қадырбаевтың жасаған жүйесіне өзгерістер еңгізіп жаңа пікірлер қалыптастырды. Ол мұртты обалардын топтарының төрттен тоғызға дейінгі көбейген жүйесін жасап шығарды. 1996ж. А.З.Бейсенов жоғарыда көрсетілген мұртты обалардың жүйесін сараптай келе, соңғы кезде жиналған археологиялық деректер мен мәліметтерді салыстыра отырып, бұл ғұрыптық құрылыстың жүйесін жасайды. Ол мұртты обалардың жүйесін төрттен үш топқа дейін қысқартқан болатын.

Ә.Х. Марғұлан «Мұртты» обалардың құрылымы қасиетті шығыс елін көрсететін шығыс идеясы, «ерте темір дәуірі тайпаларының өлген адамдарын қастерлеп, ас берген жерлерінде салынып отырған ғұрыптық ескерткіштер» деген болжам жасайды.

Ә.М. Оразбаев «Мұртты» обаларда жылқыны құрбандыққа шалу мен күнге табыну салттары орындалған және де арнайы істелген салт жоралар «мұртты» обалардың ажырамас бөлігі деген пікір айтады.

С.С. Сорокиннің болжамы бойынша, «мұртты» қорғандағы кішкентай обалар мен тас тізбектер үлкен обаға қарағанда кейінен пайда болған.

Археоастроном Н.Бекбасар Қазақстан және оған іргелес жатқан аймақтарда кездесетін «мұртты» қорғандарды астрономиялық құрылғы ретінде қарастырады. Мұртты қорғандардағы тастан қаланған мұрттарының ұштары күн мен айдын жылдың белгілі бір кезеңдерінде көкжиектен шығатын және бататын тұстарына бағытталған және де күн мен айдың, көрінерлік қозғалысына негізделген күнтізбе қызметін атқарған деген пікір қалыптастырады. «Мұртты қорған» көмегімен көктемгі және күзгі күн теңелу, жазғы және қысқы күн тоқырау, яғни, жылдың төрт тоқсаның анықтап отырған деген тұжырымдама жасайды.

Талғат ӨСЕРОВ,
археолог

КЕСЕНЕДЕ КІМДЕР ЖЕРЛЕНГЕН?

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде және айналасына жерленген қазақтың хандары, абыз-әулиелері, билері мен батырлары:

(Жалғасы. Басы №2 санда)

61. Есіркеп батыр Жаманқарауылы 1696 ж.
62. Әжі Қожа XVII ғ.
63. Сүйіліш батыр Есқарауылы XVII-XVIII ғ.ғ.
64. Әжібай батыр XVII-XVIII ғ.ғ.
65. Шеркеш Сүтемген батыр XVII-XVIII ғ.ғ.
66. Арғын Әнет Баба Кішіқұлы 1626-1723 ж.ж.
67. Адай Шоғы батыр (Қырықмылтық) Мұңалұлы 1667-1726 ж.ж.
68. ...Жақып Ата... XVIII ғ.
69. Есіркеп Сұлтан XVIII ғ.
70. Күрлеуіт Қыпшақ Нияз батыр Өстеміұлы XVIII ғ.
71. Бағдизан ақ топырақ әулие *(жылы белгісіз)*
72. Әбділдә хан *(жылы белгісіз)*
73. Бибі Хисаб *(жылы белгісіз)*
74. Тобықты Көкенай батыр 1648-1728 ж.ж.
75. Қаракерей Қазанбай (Қазығұл) батыр 1680-1730 ж.ж.
76. Мадияр Би Жауғаштыұлы 655-1735 ж.ж.
77. Керейт Амалдық әулие Арықұлы 1644-1734 ж.ж.
78. Қарауыл Қанай Би XVIII ғ.
79. Дәу баласы Балта батыр 1742-1743 ж.ж.
80. Шақшақ Жәнібек батырдың анасы 1743 ж.ж.
81. Арғын Қаракесек Қараменді Би XVII-XVIII ғ.ғ.
82. Тарақты Наймантай батыр 1745 ж.
83. Жанұзақ батыр (Қарабалуан) Алдияұлы 1688-1749 ж.ж.
84. Арғын Бәсентиін Ханымбике XVII-XVIII ғ.ғ.
85. Саңырық батыр Тоқтыбайұлы 1692-1749 ж.ж.
86. Шақшақ Жәнібек батыр 1752 ж.
87. Тобықты Жандос батыр Олжайұлы 1715-1752 ж.ж.
88. Атығай-Қойлы Андықожа батыр 1752 ж.
89. Мүсірәлі Сопы Әзіз Ұлы Сауранбай 1752 ж.
90. Мерген батыр (Теңізбай) Бабасұлы 1754 ж.
91. Қанжығалы Әлібек батыр Құдайбердіұлы XVIII ғ.
92. Сайдалы Нияз батыр XVIII ғ.
93. Шаншар Жарылқап батыр Тілеукеұлы XVII-XVIII ғ.ғ.
94. Арғын Қаракесек Байдәулет Құдайберліұлы XVII-XVIII ғ.ғ.
95. Айтбай батыр Аткелтіұлы XVIII ғ.
96. Кәрсон Бекназарұлы Таңыбай батыр 1670-1755 ж.ж.
97. Арғын Күлеке батыр Тәңірбердіұлы 1750-1760 ж.ж.
98. Арғын Қойлыбай батыр Малайұлы XVIII ғ.
99. Жалайыр Нарынбай әулие XVIII ғ.
100. Арғын Сүгіұлы Мешітбай-Шақшақ Жәнібектің батағойі XVIII ғ.
101. Матай Бөрібай батыр 1756-1760 ж.ж.
102. Қаз Дауысты Қазыбек Би Келдібекұлы 1667-1763 ж.ж.
103. Қожа Бегімысық әулие XVIII ғ. II жартысы
104. Найман Қонақай әулие 1763 ж.
105. Қарпықұлы Текей батыр 1679-1764 ж.ж.
106. Қаратамыр Мәмбет Аталық Бұлғақұлы 690-1769 ж.ж.
107. Қоңырат Өтейұлы Бәйменбет батыр 1683-1770 ж.ж.
108. Қырықмылтық Шобан батыр Жаманқұлұлы 1701-1773 ж.ж.
109. Қанжығалы Бөгенбай батыр 1775 ж.
110. Қарашаш ана. Абылай ханның бәйбішесі XVIII ғ.
111. Таңыбайұлы Жәутік батыр 1731-1775 ж.ж.
112. Найман Бағаналы Өтепұлы Төлек батыр 1683-1760 ж.ж.
113. Тама Дәулеткелді Жарасұлы Бұзау батыр 1700-1780 ж.ж.
114. Қоралас Жауғаш батыр Қырбасұлы 1733-1782 ж.ж.
115. Қаракесек Жарылғап батыр 1733-1786 ж.ж.
116. Бөртеұлы Мамай батыр 1704-1789 ж.ж.
117. Құрсары Керей Бәйімбет батыр Төбетұлы 1708-1790 ж.ж.
118. Қойкелді батыр 1795 ж.
119. Желкілдек батыр Бөлтекұлы XVIII ғ.
120. Қараменді би XVIII ғ.

(Жалғасы келесі санда)

ЖЫЛДЫҒЫНА – 25 ШАРА

Халықаралық «Ясауитану-2016» байқауы

Түркия елінің өнерпазы Тулуйхан Угурлу «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайында

Арқалық қаласының Дала өлкесі тарихы облыстық мұражайы «Әзірет Сұлтан» мұражайында «Торғайдың Өзағасы» көрмесімен

«Тәуелсіздік және Түркістан тағлымы» көрмесі Төле би ауданында

«Ясауи мұрасы» атты республикалық мәдени танымдық газеті оқырманға жол тартты

«Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттеу мәселелері» тақырыбындағы халықаралық конференция

Ағылшындық ғалым, ясауитанушы Дж. Трапманмен келісімге қол қойған сәт

«Елдің интеллектуалдық капиталы – Тәуелсіздіктің рухани іргетасы» тақырыбындағы дөңгелек үстел

«Түркістан тарихы» музейі экспозицияларының жаңартылуы

Бірінші Халықаралық «Eurasian Book Fair-2016» Астаналық кітап көрме-жәрмеңкесіне «Әзірет Сұлтан» музейі де қатысып қайтты

«Қордағы құнды кітаптардың классификациясы» танымдық шолу экскурсиясы

2017 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖҰЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ

←1

Ал жиған артық салмақтан арылу үшін айлап жаттығу залынан шықпауға тура келеді. Бұл жылы көптеген Торпақ ағыспен жүзуді құп көруі мүмкін. Торпақтар ләззат соңынан қуалап, қолжетімді жақындық үшін шынайы махаббатын жоғалтып алуы мүмкін. Сезімнің беріктігін тексеріп, толысуына уақыт бөлуі шарт. Ол – шынайы махаббатпен бақытқа кенелудің кілті.

ЕГІЗДЕР. 2017 жыл аталған жұлдыз белгісінің өкілдері болашағы зор істі көзі шалса, оған барын салып, күш-қайратын аямайды. Олар мансабында, кәсібінде, тіпті, шығармашылық бастамаларында табысқа қол жеткізеді.

Жүрегінің таңдауы бұл жылы Егіздерді алдамай, нағыз бақытын табады. Бұл жылы қарым-қатынасты түзеу, отбасын құру, сәбілі болу тәрізді жаңа деңгейге шығу еш қиындық туғызбайды.

ШАЯН. 2017 жылы Шаяндар өмірінде көптеген қызықты жайттар, тосынсыйлар орын алады. Олар келер жылы өзін толықтай үй шаруасына, жөндеу жұмыстарын жүргізуге арнағысы келгенімен, бұл ойына кедергі келтіретін күтпеген жағдайлар орын алады. Бұл жылы Шаяндарды көптеген жаңа таныстық, кездесулер күтеді. Жаңа таыстарының арқасында қызметі мен мансабында ғана емес, жеке өмірінде де біраз дүние өзгереді. Десе де мұндайда сақтық танытқан жөн, себебі жаңа таныстықтардың барлығы пайдалы бола бермейтінін ұмытпағаны абзал.

Өмірлік жарын іздеген Шаяндар үшін бұл жыл жаңа таныстықтарға толы болады. Бұл мүмкіндікті жіберіп алмауы қажет. Тауық жылы кездейсоқ таныстықтың жүректе ұзақ сақталып қана қоймай, отбасылық өмірдің бастауы болуы да мүмкін.

АРЫСТАН. Келе жатқан 2017 жылы Арыстанға жағымпазданатын, қошемет сөздерін үйіп-төгетін жандар аз болмайды. Бірақ әр мақтау сөздің астарында қулық жатқанын ұмытпаған ләзім. Бұл жыл Арыстандар үшін табысты, сәтті жыл болмақ. Оның еңбекқорлығы жетістікке жеткізеді. Ал бар ынтасымен қолға алған істерінің барлығы жемісін береді. Өз бағасын білетін, қашанда тек өзіне сенетін өршіл Арыстан қызметінде, мансабында биікке жетелейтін пайдалы мүмкіндіктерді жібермейді. Ал жеке өмірінде үйлесім мен гүлдену кезеңі орын алады.

Бұл жылы Арыстандар айналасындағылардың бәрімен тіл табыса алады.

Айбарлы Арыстан да бұл жылы махаббат құрбанына айналады. Олардың жүрегі өзгелер үшін қаншалық жабық болса да, әлсіздік танытып, құлай ғашық болады.

БИКЕШ. 2017 жылы Бикештердің өмірінде көп өзгерістер орын алады. оларға бір дүниеге ғана назар аудару, тек бір жоспардың соңынан жүру қиындық туғызады. Бір жағынан, бұл өзгерістер әдепкі өмір ағымын бұзғандықтан, Бикештерді ызаландырады. Басқа қырынан алсақ, дәл осы өзгерістер өмірін қызықты, жарқын етеді.

Өзгерістердің бетін қайтару Бикештердің құзырында емес, оған қауқарсыз да. Сондықтан бұл жағдайларға алдын ала көндігіп, мүмкіндігінше өз пайдасына қолдануға тырысқан дұрыс. Жыл бойы тағдыр Бикештерге өмірін жарқын етіп, жаңа сезім, жаңа ой, жаңа таныстықтарға толтыруға талай мүмкіндік береді.

Жұлдыздар Бикештердің аяғы баспаған жерден өз махаббатын табарын айтады. Жаңа ел, жаңа сезім, жаңа достар бұл жұлдыз белгісі өкілдерінің өмірін гүлдендіріп қана қоймай, жүрегін махаббатқа айқара ашып, сезім отын лаулата түседі.

ТАРАЗЫ. Келе жатқан 2017 жыл Таразылар үшін махаббат және шығармашылықта өте сәтті болмақ. Өкінішке орай, нақтылық, ұқыптылық және тәртіпті талап ететін кез-келген мәселе қиындықтар тудырады.

2017 жылы Таразыларға, әсіресе, қаржы операцияларымен айналысуға болмайды. Тәуекелге бел байлаудың қажеті шамалы. Тек биржадағы ойын ғана емес, жылжымайтын мүлік сатып алу немесе несие алу сынды қарапайым мәселелерді өз бетімен шешуге тырыспағаны жөн.

Бұл жылы Таразылар жеңілтектігімен, тұрақсыздығымен ерекшеленеді. Десе де өмірлік махаббатын жолықтырып, мәңгіге қол ұстасулары да мүмкін. Ал отбасылы Таразылар сақтық танытуы тиіс. Егер сүйгенінің сыртынан өзге жанмен тіл табысып, көзіне шөп салса, мұның соңы жақсылыққа апармайды.

САРЫШАЯН. Бұл жыл Сарышаяндар үшін сәтті болмақ. Өз күшіне сене білетін Сарышаяндар жолында кездескен мүмкіндіктерді құр жібермей нәтижесінде бірқатар оң өзгерістер орын алады. Өзгелері «жеті рет ойлап, бір рет кеспек» үшін біраз уақыт ой соңында жүргенде, салқынқанды Сарышаяндар мақсатына жетудің оңай жолын тауып, күмәнсіз, табысқа қол жеткізеді. Өзгелердің аяқтан шалуға талпынған кез-келген жымысқы әрекеті Сарышаяндарға зиянын тигізе алмай, қазған орларына өздері түседі. Бұл жұлдыз белгісінде дүниеге келген жандардың ойы – нақты, жауабы – жылдам.

Десе де Сарышаяндар туыстарымен, жақындарымен қарым-қатынасында мұқият болғаны абзал. Өкінішке орай, Сарышаяндар өзіне сенгендей сенетін ең жақын, сенімді адамдары үмітін ақтамай, сатқындық жасауы мүмкін. Сарышаяндар бойындағы үлкен күш, жүрегінің кеңдігі оларды тартымды ете түседі. Сондықтан сүйіктісі тарапынан көңіл аз бөлінуінен қорықпаса да болады. Басы бос Сарышаяндар жолында кездескен жанның бәріне жүрегін, сырын ашпағаны жөн.

МЕРГЕН. 2017 жылы Мергендер бойында бұғып жатқан жаңа дарыны мен қырлары айқын байқалады. Оның шығармашылық қабілеті және парасаттылығы көп мүмкіндіктерге есік ашып, талай биікті бағындыруға көмектеседі. Айналысқан істердің барлығы Мергендердің көңілін қанағаттандырып, қызығушылығын арттырады.

Жұлдыздар Мергендердің кез-келген салада табысқа жетіп, айы оңынан туатынын айтады. Шығармашылықтан бөлек, ол жеке кәсіп саласында да айтарлықтай табысқа қол жеткізеді. Сондықтан 2017 жыл Мергендер үшін сәтті болмақ. Қолға алған әр ісіне ынты-шынтысымен кірісетін Мергендердің алар асулары көп.

2017 жылы Мергендер тек өз қызығушылықтарына бар уақытын арнайды. Сондықтан Мергендерге жаңа таныстар іздеудің қажеті жоқ. Сүйікті ісімен айналысып, саяхаттап, кітап оқып, қызықты тақырыптарды талқылап, театр мен көрмелерге барса болғаны.

ТАУЕШКІ. Жұлдыздар Тауешкілерге 2017 жылы барынша сақ жүруді ескертеді. Бұл жылы үлкен қателік жіберіп, арман-мақсаттарымен жоспарларының күл-талқан болуы мүмкін. Өкінішке орай, алып ұшқан сезім Тауешкіні елітіп әкетіп, ұстамдылық пен салқынқандылықтан айырылған олар өз құмарлығының құрбанына айналады.

Осы сынды қауіп қызметінде де күтіледі. Үнемшіл Тауешкі күтпеген қиындыққа тап болуы мүмкін. Егер басқа жылдары мұндай тәуекелге барып, дін-аман құтылса, бұл жылы қиындықтан сүттен ақ, судан таза күйде шыға алмайды. Әр нәрсенің өз орны, шегі бар. Сондықтан қашанда отбасы жанынан табылып, көңіл бөлуді ұмытпағаны дұрыс.

СУҚҰЙҒЫШ. Тауық жылы Суқұйғыштар өмірі қызықты сипат алады. Жұлдыздар жаңа мүмкіндіктер сыйлап, өмірін өзгертуге жағдай тудырады. Мақсаттарының соңында жүріп, ережелерге, ағысқа қарсы жүзіп, қателіктерге ұрынуы мүмкін. Нәтижесінде табысқа жеткізетін мүмкіндіктердің ізі де қалмайды. Сонымен қатар көптен күткен үлкен табыс үлкен қателікке айналуы ғажап емес.

2017 жылы Суқұйғыштар үшін махаббат үлкен айдын іспетті болса, өздері шалғайдағы жағалаудан ғашығын іздеген кеме капитаны рөлінде болады. Басқа сөзбен айтқанда, Суқұйғыштар үшін бұл жыл сезімге толы болмақ. Өз кезегінде берік отбасылық бақытты екінші орынға қойып, сезімнің жетегінде еретін Суқұйғыштар үшін мұның зияны басым.

БАЛЫҚТАР. Балықтар үшін келе жатқан 2017 жыл – тосын сыйларға, күтпеген жайларға толы. Балықтар қандай жоспар құрып, табандылық танытса да, жұлдыздар өзгерістерн енгізбей қоймайды. Олардың қашан орын алатынын болжау мүмкін емес. Керісінше, жоспарлау керек. Тек жоспардың күтпеген жерден өзгеруіне дайын болуы қажет.

Егер Балықтар бұл кеңеске құлақ асса, тағдыры құндылығы зор сыйлармен қуантады. Ал өзгерістермен күресуге бел шешсе, табысқа қол жеткізері екіталай. Дегенмен күш-қайратын, ерік-жігерін шындай алады. Оның да пайдасы жоқ емес.

Егер сүйікті адамы бар болса, қарым-қатынастың қаншалықты берік екендігін тексеруге талпынбаса да болады. Сыннан сүрінбей өтсе, бір-бірін бұрынғыдан да артық бағалайтындары анық.

P.S. Мұның тек жорамал екенін естен шығармаңыз.

Бет әзілі:

Қожеке, қай жылы туылғансыз?- дейді бір кісі

– Айдаһар жылы –деп жауап қайырады Қожекең.

– Ау, қазақта ондай жыл болмайды ғой...

– Неге болмасын, менің анам-жылан жылы сені босандым дейтін, одан бері қырық жыл өтті, айдаһар болмағанда несі қалды дейсің-депті Қожекең беті бүлк етпестен.

Телеарналардың «худсоветі» тек таныстарына ғана жұмыс істейді

Қазақстан жастар сыйлығының лауреаты, ҚР мәдениет қайраткері Бекжігіт Кенжебекұлы Сердәлі – көпшілікке «Түркістан», «Ақ қайыңдар», «Неге, неге» сынды көптеген әсем әндерімен танымал сазгер.

Редакция

– Бекжігіт Кенжебекұлы, балалық шағыңызға саяхат жасасақ. Жалпы қандай бала болдыңыз?

– Шығармашылық адамдарының басым бөлігі, өзін биік етіп көрсеткісі келе ме, сұхбаттарын «бала кезімде бұзықтау болдым», «пәленшекең аузыма түкіріп кетіп еді» деп бастайды. Мен олай болған жоқпын. Ешкімге зәбірім тиген емес. Тәп-тәуір сурет салатынмын, мектепте қабырға газетін шығаратынмын. Еңбекқорлығым болды. Ата-анама шаруа жайымен көп жәрдем беретінмін.

– Алғашқы әніңіз жөнінде айтып өтсеңіз.

– Тұңғыш әнімді Тұманбай Молдағалиевтің сөзіне жазып едім. «Кешір мені» деп аталады. Өзімнен басқа ешкім айтқан емес. Ондағы «Кештер қайда қымбат ондай, келдіау жетіп жетім күн. Жылатып ап, жұбата алмай, кеткеніме өкіндім» деген сөздер қатты әсер еткен болуы керек... Студенттік ортада бұл әнімді жақсы айтты. Бір әдетім, жаңа әнімді алдымен дастархан басында «біреуден есіткен ән еді, тыңдап көріңдерші» деп естіртіп алатынмын. Ел қалай қабылдар екен деген ой ғой. Оның үстіне салған жерден «менің әнім еді» деп айтуға қымсынушы едім. Кейін ондай әндерімді иеленіп кеткендер де болды.

– Сіз Түркістан қаласында тұрасыз. Яғни, өнері мен мәдениеттің ордасы Алматыдан, облыс орталығы Шымкенттен алшақтасыз. Шалғайда жүріп, шығармашылықпен айналысу қиындық тудырмай ма?

– «Өнер – өріс таңдамайды» деген тәмсіл бар. Жұрт сияқты «Алматы, Астана» деп арман қумай, ауылда – туған жерімізде қарапайым тірлік кешіп жатырмыз. Дегенмен, үлкен қалалардағыдай емес, мұнда сені ешкім елемейді. Тіпті, тәп-тәуір ән шығара қойсаң, оныңды ел айта бастаса, қасында жүрген шығармашыл достарыңның өзі қызғаныштан өзегі өртеніп, күндеп, өсектеп, сені сыртқа итере бастайды. Сосын ешкімге «зияным тимесін» деп, біраз болды, Түркістанға, сосын ғылымға көшіп кеттім. Оларға (қолында билігі барларға) «Мен пәленге толдым», «Түлен сыйлық алдым» деп өзің айтуың керек. Ал менде ондай қасиет жоқ. Біреудің алдына барып, бұйымтай айту – қаныма жат. Алматы мен Астанада – басқаша. Мәдениеттің тұтқасын ұстап отырғандардың өздері айтулы даталарды жоспарға енгізіп, сенімен байланысып, әйтеуір атаусыз қалдырмауға тырысады. Содан ба, ондағы өнер адамдарының шабыты ерек. Көңіл бөлініп жатқан соң, тіршілік жасауға асығады. Кейде таныстарым менен сұрайды: «Ән жазбай кеттіңіз-ау осы» деп. Неге жазбайын, жазып жатырмын. Бірақ оным кімге керек? Әншілер иық жұлған той әндерін сұрайды. Сахна мамандары болса қолда барға ғана ие, оларға жаңа ән іздегеннен гөрі маңайындағы «кезекші» өнерпаздарды шығара салған тиімді. Репертуарға қарап жатқан көркемдік кеңес тағы жоқ. Осыдан келіп «аузы қисық болса да бай баласы сөйлесіннің» кебін киіп отырмыз.

Кейде «ауыл елемеді ғой, үлкен ауыл қалай екен?» деп Алматы жаққа көз тіксең, онда да ат төбеліндей белгілі бір топтың өнер тізгінін мықтап ұстап отырғанын байқайсың. Сахна да, телеарна да солардың шылбырында. Барғаныңмен бос әурешілік, олардың «худсоветі» тек таныстарына ғана жұмыс істейді.

– Әншілерге әніңізді тегін ұсынасыз ба, әлде сатасыз ба? Егер әндеріңізді сататын болсаңыз, бір әніңізді қаншаға бағалайсыз?

– Ән сату – өнерді сатумен бірдей деп ойлаймын. Байқайсыз ба, ән бизнеске айналғалы жөні түзу ән туудан қалды. Өйткені әнге тапсырыс берген әнші оның ұлттық болмысынан гөрі ырғақтылығына, биге ыңғайлығына, шығыстық иіріміне ғана көңіл бөледі. Ал мен әннің ұлттық нақышын бірінші кезекке қоямын. «Бесік», «Текемет», «Аман жүрші, ауылдың адамдары», «Шашбаулым», «Әке-Ана», «Қазақ жауынгері» сияқты әндер сол мүддеден туған. Қазір шоубизнесті (дұрысы, той-бизнесті) желеу етіп байып жатқан әншісымақтар көп. Ал оларға ақша жылдам келу үшін «Чип-чип», «Кис-кис» сияқты мағынасыз әндер тиімді. Осы кезге дейін ән сатқан да, әншілерді қуалап ән берген де адам емеспін. Өздері қалап алып жатса тегін бере салғанды жөн көремін. Хадиша Шалабаева, Есет Сәдуақасов, Нұрмұқасан дуэті, Асқар Жүнісбеков, Гаухар Қаспақова сияқты әншілермен осылай шығармашылық байланыс орнады.

– Шығармашылығыңызда не жаңалық? Жұрт төрт әнімен кеш өткізуге құмар. Өзіңіз есеп беріп көрдіңіз бе?

– Кейінгі жылдары біраз ән жаздым. Көпшілігі лирикалық және патриоттық әндер. Той әні болмаған соң әншілерге ұсына алмадым. Есеп беру керек сияқты дейді жұрт... Білмеймін... Мақтанға құмар емеспіз...

Есеп беру керек сияқты. Бірақ, кімге? Залды толтыру үшін мектептен қуып әкеліп жинайтын, арт жақта отырып алып, «сотқа» ойнап, бір-бірін селфилететін балаң жастарға ма? Әлде, рухани байлықтан гөрі сериалды қымбат санайтын орта буын аға-әпкелерімізге ме? Мен үшін есеп беретін орта – дастархан басы, ел іші.

– Қазіргі қазақ әндеріне көпшіліктің көңілі толмайды. Сіз қандай пікірдесіз?

– Мен әншінің репертуарындағы емес, халықтың ауызында жүрген әндерге ғана көңілім толады. Әннің төресі – ел жадындағы әндер. Ал өз әндерін телеарнаға тықпыштап, мың жерден, өздері айтқандай, күндіз-түні «крутит» етіп, жұлдыз болғысы келіп жүргендер бәрібір Шәмшінің әндеріндей ел ауызында қалатын әндер туғыза алмайды. Бизнесті қуған бір сәттік әндердің ғұмыры қысқа.

– Сіз ұстазсыз, кәсіби журналиссіз әрі сазгерсіз. Осы салалардағы жауапкершіліктің барлығын бірдей алып жүру қиындық тудырмай ма?

– Адам, ең алдымен, материалдық тіршілікке тәуелді. Ал ол күнделікті наныңды тауып отырған жұмысың. Ал қалғаны – әуесқойлық. Адам жұмыстан – рахат, ал әуесқойлықтан – ләззәт алуы тиіс.

– Бүгінгі шәкірт, ертеңгі журналистердің қарым-қабілеті қалай?

– Жалпы, Түркістанда бітіріп жатқан журналист-шәкірттер жаман емес. Алғашқы түлектеріміз 98-ші жылы түлеп ұшса, бүгінде бітірген барлық түлектердің 80 пайызы өз мамандықтары бойынша түрлі салаларда еңбек етіп жатыр: жергілікті-облыстық БАҚ құралдарын айтпағанның өзінде, «Қазақстанның Бірінші арнасында» – 2, «Егемен Қазақстанда» – 4, «Хабар» агенттігінде – 5, «Қазақстан» ұлттық арнасында – 6, Қазақ радиосында – 4, «Айқында» – 2, «Астана хабарында» – 7, «Оңтүстік Қазақстанда» – 7 шәкірт қызмет етуде. 2 шәкіртіміз – кандидаттық, 6 шәкіртіміз – магистрлік қорғаған.

– Армансыз адам болмайды. Сізде қандай арман бар?

– Қытайда, Моңғолияда, Чувашияда, Алманияда, Мажарстанда бірқатар әндерім орындалып жүр. Сондағы шығармашылық қауым жыл сайын қонаққа шақырып жатады. Қол қысқа, бара алмай жүрмін. Арманым сол – қолды бір сілтеп, достарымды ертіп, сал-серілікпен сол елдерді аралап қайтсам деймін.

Әңгімелескен
Клара НАҚЫП

АСТАНА

АУЫЛ ЖАТЫР ТОЙ ЖАСАП

Әні: Бекжігіт Сердәлі
Сөзі: Мұқағали Мақатаев



СКАНВОРД



ҚҰРЫЛТАЙШЫ

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы

Бас редактор
Әбдікерім МАНАПОВ

Жауапты хатшы
Дәулет ҚОЖАМҰРАТОВ

Беттеуші-дизайнер
Самат КЕРИМОВ

Редакцияның мекенжайы:
Түркістан қаласы,
Тәуке хан даңғылы,
282 «А» үйі
e-mail: azret-sultan@mail.ru

Байланыс:
8 (72533) 3-23-00

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігінде 2016 жылғы 21 қыркүйекте тіркеліп, №16154-Г куәлігі берілген

Газет айына 1 рет шығады

Индекс 161200

■ Газетке жарияланған материалдарды көшіріп басқан жағдайда сілтеме жасалу міндетті.

■ Автордың мақаласы мен жарнама мазмұнына редакция жауап бермейді.

■ Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

ТАРАЛЫМЫ – 2000 ДАНА

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

«ERNUR-print» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Т.Әлімқұлов көшесі, 22 үй.

Кезекші редактор
Динара АРЫНОВА

Тапсырыс №3